

Экономикалық Ынтымақтастық Ұйымы елдері Мемлекет басшыларының Алматыда V Басқосуының өткізілуіне байланысты ұйымдастыру іс-шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің өкімі 1998 жылғы 5 мамырдағы N 3931. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

1. 1998 жылғы 10-11 мамырда Алматыда Экономикалық ынтымақтастық ұйымы (ЭЫҰ) елдері Мемлекет басшыларының V Басқосуы өткізілсін.
2. Қазақстан Республикасының делегациясы N 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Басқосудың өткізілуіне байланысты негізгі іс-шаралар бағдарламасы бекітілсін (N 2 қосымша).

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен бірлесіп іс-шаралардың Мемлекет басшыларының жұмыс барысындағы сапарлары үшін көзделген көлемде өткізілуін қамтамасыз етсін, сондай-ақ ұйымдастыруды, ресми делегациялар мүшелерін, сарапшылар мен ілесіп жүрген адамдарды орналастыруды және оларға қызмет көрсетуді, баспа өнімін жасап шығару мен кәдесыйлар сатып алуды қамтамасыз етсін.

ЭЫҰ елдерінің Мемлекет басшыларын, ЭЫҰ Бас хатшысы мен делегациялар мүшелерін N 3 қосымшаға сәйкес орналастыратын болсын.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп Басқосу шеңберінде көзделген іс-шараларды техникалық, құжаттамалық және ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырсын;

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасымен және Республикалық ұланмен бірлесіп ЭЫҰ елдері делегацияларына Қазақстан Республикасы Президентінің атынан ресми қабылдау өткізуді ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс, Көлік және коммуникациялар министрліктері Мемлекет басшыларының арнаулы ұшақтарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы ұшып өтуін қамтамасыз ететін болсын. Көлік және коммуникациялар министрлігі арнаулы самолеттерге техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағы мен жанар май құюды ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті ЭЫҰ елдері Мемлекет басшыларының, ЭЫҰ Бас хатшысы мен

олардың делегацияларының Қазақстанда болу кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі әуежайда, делегациялардың жүру маршруттарында және болатын орындарында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін болсын.

8. Алматы қаласының әкімі ресми делегацияларды қарсы алу және шығарып салу жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын, әуежай мен жүру маршруттары бойынша көшелерді безендіруді жүргізсін.

9. Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен Алматы қаласының әкімі Қазақстан өнер шеберлерінің концертін өткізуді қамтамасыз етсін.

10. Басқосудың хаттамалық іс-шараларын өткізу жөніндегі шығыстар мен көлік шығыстары 1998 жылға арналған республикалық бюджеттің тиісті баптарының есебінен жасалсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1998 жылғы 5 мамырдағы

№ 3931 өкіміне

№ 1 қосымша

Экономикалық Үнтымақтастық Ұйымына (ЭЫҰ) мүше мемлекеттердің Алматыдағы V кездесуіне қатысатын Қазақстан Республикасы делегациясының құрамы жөніндегі ұсыныс

1998 жылғы 11 мамыр

1. Назарбаев Н.Ә. - Қазақстан Республикасының Президенті
2. Есімов А.С. - Президент Әкімшілігінің басшысы, ЭЫҰ Мемлекет басшыларының V кездесуін даярлау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің төрағасы
3. Әбіқаев Н.Ә. - Президенттің Бірінші көмекшісі
4. Тоқаев Қ.К. - Сыртқы істер министрі

5. Өтембаев Е.Ә. - Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік төрағасы - министр
6. Ғизатов В.Х. - Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы елшісі, Қазақстан Республикасының ЭЫҰ-дағы тұрақты өкілі

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 5 мамырдағы
№ 3931 өкіміне
№ 2 қосымша

Экономикалық Үлгімақтастық Ұйымына мүше мемлекеттік басшыларының Басқосуын өткізу БАҒДАРЛАМАСЫ

1998 жылғы 10-11 мамыр
Алматы қаласы

10 мамыр
(жексенбі)

- 12.00 - ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ЭЫҰ Бас хатшысы О.Озармен кездесуі
Қ а т ы с а т ы н д а р :
Тоқаев Қ.К., Әбіқаев Н.Ә., Ғизатов В.Х.
- 14.00- - ЭЫҰ-ға мүше мемлекеттер-үкіметтер басшыларының
А л м а т ы
18.00 қаласының әуежайына ұшып келуі
Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев күтіп алады
- 14.00 - Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың
ұ ш ы п к е л у і
Күтіп алуға қатысатындар:
Тоқаев.Қ.К., Көшербаев Қ.Е., Храпунов В.В.
- 14.05 - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен қысқаша әңгімелесу

- 14.25 - Қырғыз Республикасының Президенті А.А. Ақаевтың Резиденцияға (N 2 саяжай) баруы
- 14.30 - Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Кәрімовтың ұшып келуі
Күтіп алуға қатысатындар:
Тоқаев Қ.К., Сәрсенбаев А.С., Храпунов В.В.
- 14.35 - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевпен қысқаша әңгімелесу
- 14.55 - Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Кәрімовтың Қонақ Павильонына баруы
- 15.00 - Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновтың ұшып келуі
Күтіп алуға қатысатындар:
Тоқаев.Қ.К., Школьник В.С., Храпунов В.В.
- 15.05 - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен қысқаша әңгімелесу
- 15.25 - Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Ш. Рахмоновтың "Достық" қонақүйіне баруы
- 15.30 - Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Президенті Б.Раббанидің ұшып келуі
Күтіп алуға қатысатындар:
Тоқаев.Қ.К., Мыңбаев С.М., Храпунов В.В.
- 15.35 - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен қысқаша әңгімелесу
- 15.55 - Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Президенті Б.Раббанидің Резиденцияға (N 6 саяжай) баруы
- 16.00 - Түркменстан Президенті С.А. Ниязовтың ұшып келуі
Күтіп алуға қатысатындар:
Тоқаев.Қ.К., Мұхамеджанов Б.Ә., Храпунов В.В.
- 16.05 - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевпен қысқаша әңгімелесу
- 16.25 - Түркменстан Президенті С.А. Ниязовтың "Рахат Палас Хайат Редженси" қонақүйіне (N 6) баруы
- 16.30 - Әзірбайжан Республикасының Президенті Г.Ә. Әлиевтің ұшып келуі
Күтіп алуға қатысатындар:
Тоқаев.Қ.К., Өтембаев Е.Ә., Храпунов В.В.
- 16.35 - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевпен қысқаша әңгімелесу

- 16.55 - Өзiрбайжан Республикасының Президентi Г.Ә. Әлиевтiң
N 2 Резиденцияға баруы
- 17.00 - Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-Министрi
М.Н. Шарифтың ұшып келуi
Күтiп алуға қатысатындар:
Тоқаев.Қ.К., Тұрысбеков З.Қ., Храпунов В.В.
- 17.05 - Қазақстан Республикасының Президентi
Н.Ә. Назарбаевпен қысқаша әңгiмелесу
- 17.25 - Пәкістан Ислам Республикасының Премьер-Министрi
М.Н. Шарифтың "Рахат Палас - Хайат Редженси"
қонақүйiне баруы
- 17.30 - Иран Ислам Республикасының Президентi С.М.Хатамидiң
ұшып келуi
Күтiп алуға қатысатындар:
Тоқаев.Қ.К., Құлмаханов Ш.Қ., Храпунов В.В.
- 17.35 - Қазақстан Республикасының Президентi Н.Ә.
Назарбаевпен қысқаша әңгiмелесу
- 17.55 - Иран Ислам Республикасының Президентi С.М.
Хатамидiң "Анкара" қонақүйiне баруы
- 18.00 - Түрiк Республикасының Президентi С.Демирельдiң ұшып
келуi
Күтiп алуға қатысатындар:
Тоқаев.Қ.К., Дәукеев С.Ж., Храпунов В.В.
- 18.05 - Қазақстан Республикасының Президентi Н.Ә.
Назарбаевпен қысқаша әңгiмелесу
- 18.25 - Түрiк Республикасының Президентi С.Демирельдiң
"Анкара" қонақүйiне баруы
- 19.05 - Қазақстан Республикасының Президентi Н.Ә.
Назарбаевтың Республика Сарайына келуi
- 19.10- - ЭЫҰ-ға мүше мемлекеттер-үкiметтер басшыларының
- 19.55 Республика Сарайындағы Қазақстан өнер шеберлерiнiң
концертiне келуi (кесте бойынша)
- 20.00- - Қазақстан өнер шеберлерiнiң концертi
- 21.00
- 21.10- - Делегациялардың орналасқан жайларына кетуi
- 21.50

**11 мамыр
(дүйсенбі)**

08.00 - - Жеке таңғы ас

09.00

09.05- - ЭЫҰ-ға мүше Мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының
09.55 келуі ("Анкара" қонақүйі)

09.05- - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.
09.55 Назарбаевтың ЭЫҰ-ға мүше Мемлекеттер мен үкіметтер
басшыларымен кездесуі ("Анкара" қонақүйі, Абылай
хан залы) (кесте бойынша)

10.00- - ЭЫҰ-ға мүше Мемлекеттер басшыларының отырысы
13.30 ("Анкара" қонақүйі, Бал өткізу залы)

13.45- - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев
14.15 пен ЭЫҰ Бас хатшысы О.Озардың бірлескен баспасөз
конференциясы

15.00- - Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.

16.30 Назарбаевтың атынан берілетін ресми түстік
(Қабылдау үйі)

17.00- - Мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының Алматыдан
20.30 кетуі (кесте бойынша)

**Қазақстан Республикасы
Президентінің
1998 жылғы 5 мамырдағы
N 3931 өкіміне
N 3 қосымша**

**ЭЫҰ-ға мүше елдер делегацияларын
ЭЫҰ Басқосуы кезінде орналастыру сызбасы
1998 жылғы 5-12 мамыр, Алматы**

N	Мемлекет	Мемлекет/үкімет басшысы	Орналасқан жайы
1.	Ауғанстан	Бурханутдин Раббани	Шаруашылық басқармасының б саяжайы

2.	Әзірбайжан	Гейдар Әлиев	2 резиденция
3.	Иран	Мухаммад Хатами	"Анкара" мейменханасы
4.	Қырғызстан	Асқар Ақаев делегацияның басқа мүшелері	Шаруашылық басқармасының 2 саяжайы "Алатау" немесе "Достық" қонақүйі
5.	Пәкістан	Наваз Шариф	"Hyatt Regency" мейменханасы
6.	Тәжікстан	Эмомали Рахмонов	"Достық" қонақүйі
7.	Түркия	Сүлейман Демирель	"Анкара" мейманханасы
8.	Түркменстан	Сапармұрат Ниязов	"Hyatt Regency" мейманханасы
9.	Өзбекстан	Ислам Кәрімов делегацияның басқа мүшелері	"Алмалы" кешені Қонақ павильоны
10.	ЭЫҰ Бас хатшысы	Ондер Озар	"Анкара" мейманханасы

Аға лауазымды тұлғалар - "Астана" қонақүйі
Барлық делегациялардың бұқаралық
ақпарат құралдары өкілдері - "Қазақстан" қонақүйі
Ұшақтар экипажы - "Жетісу", "Алматы"
қонақүйлері